

КІІР БОЙЫНША АТА-АНАМЕН ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы:

Баланың балабақшаға барудан бас тартуы бойынша психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік қолдау көрсету. Мәселені шешу жолдары.

Өткізілген орны: №32 «Қуаныш» балабақшасы, психолог кабинеті

Уақыты: 12.11.2025ж

Маман: Психолог – Жолаушыбаева Л.А.

Қатысушы ата-ана:

Кенжегулова Сая — «Қызғалдақ» тобының тәрбиеленушісі Сәрсен Ер-Есет анасы

1. Бала туралы ақпарат:

Психолог Ер-Есеттің балабақшаға барудан бас тартып, таңертең жылау, мазасыздық және қарсылық көрсету белгілері байқалғанын атап өтті.

2. Балабақшаға келгісі келмеу себептері (талдау нәтижесі):

- Таңертең ата-анамен қоштасу кезінде мазасыздықтың жоғары болуы;
- Құрдастарымен қарым-қатынаста сенімсіздік;
- Топтағы шу, көп бала жиналған ортада өзін жайсыз сезінуі.

3. Ата-ана тарапынан айтылған мәлімет:

Баланың үйде де «барғым келмейді», «мама, бірге болайық» деген өтініштерді жиі айтатынын жеткізді. Үй жағдайында да мазасыздық белгілері байқалған.

4. Ата-анаға берілген кеңестер:

- Таңертеңгі қоштасуды ұзартпай, жылы, бірақ нақты түрде ұйымдастыру;
- Үйде балабақша туралы жағымды эмоция қалыптастыратын әңгімелер айту;
- Баланың жетістіктерін айтып, өзін сенімді сезінуіне мүмкіндік беру;
- Кешкі уақытта эмоционалдық байланысқа уақыт бөлу (ортақ ойындар, әңгімелесу).

5. Педагог тарапынан ұсыныстар:

- Қабылдау кезеңінде тәрбиеші тарапынан жеке назар аудару;
- Топтағы достық атмосферасын қалыптастыруға бағытталған ойындар беру.

6. Әлеуметтік қолдау:

Әлеуметтік қиындықтар анықталған жоқ. Ата-анаға балабақша ішіндегі психологиялық қолдау бағдарламасы түсіндірілді.

Қабылданған шешімдер:

1. Ата-анамен апта сайын қысқа кеңес өткізу.

2. Эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға арналған жаттығулар қолдану;
3. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы күнделікті байланыс орнату:
– күн сайын баланың жағдайы туралы қысқаша ақпарат алмасу.
4. Балаға жағымды орта қалыптастыру және оның балабақшаға бейімделуін қолдау шаралары жалғастырылсын.

Қорытынды:

Кенес барысында Ер-Есеттің балабақшаға келгісі келмеу себептері талданып, ата-анаға нақты психологиялық және педагогикалық ұсыныстар берілді. Балаға арнайы бейімделу кезеңіне арналған қолдау жоспары жасалды. Ата-ана ұсыныстармен келісіп, бірлескен жұмыс жүргізуге дайын екенін растады.

Психолог



Жолаушыбаева Л.А.

